

**Ертаев М.А., \* Аширов Ш.А.**

с.ғ.к., доцент, ОҚМА, Шымкент, Қазақстан

т.ғ.к., доцент, ОҚМА, Шымкент, Қазақстан

## **Н.ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИЕНЕ ӨТУ, АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСПАСАЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ МЕН НӘЗІРТАНУ МӘСЕЛЕСІ**

Автор корреспондент: [m.ertaev@gmail.com](mailto:m.ertaev@gmail.com)

**Түйін:** Бұл мақалада Н. Төреқұловтың қазақ халқы үшін, оны ашаршылықтан құтқаруға белсене араласқан көрнекті қайраткер және дипломатия тарихында алғашқы қазақ дипломаты танылған ерекше тұлға. Ол бұл қызметтермен қоса латын графика туралы өз пікірін білдірген және Шығыс баспасына үлес қосқан қайталанбас тұлға ретінде қарастырылды. Нәзіртанушылардың өзекті мәселелердің қатарына: нәзіртану ілімін тек саясаттану және халықаралық қатынастар пәндерінің аясында ғана зерттемей, филология, педагогика, этнография, тарих, журналистика, әлеуметтану ғылымдарымен бірлікте қарастыру туралы айтылды. Сонымен бірге «Ұлттану», «Қазақтану», «Тұлғатану» салалары бойынша еліміздің тарихындағы тұлғаларды таныстыруда ерекше орын алатын тұлға екендігін тереңінен түсіндіруді жұмысымыздың басты мақсатының арқауы деп атауға әрекеттер жасалды. Сонымен бірге, қазірге кезде өзекті болып отырған, нәзіртану мәселесіне тоқталды.

**Кілт сөздер:** Көрнекті қайраткер, алғашқы қазақ дипломаты, Нәзіртану мәселесі, Орталық баспа, «Ұлттану», «Қазақтану», «Тұлғатану», латын графикасын қолдау.

Қазіргі күнге жету үшін қандай қиыншылықты жолдардан өткенін білу жас ұрпақ үшін маңызды. Жастар халқымыздың басына түскен азап пен қорлықты сезіне білген қайраткерлерімізді танып-білу, олардан үлгі алу қажет. Қазақ ұлтының бүгінгі жарқын болашағын жақындатуға, оның іргетасын қаласуға сонау өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы аянбай еңбек еткен, қыруар жұмыс жасаған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейқанов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, С.Садуақасов, Т.Рысқұлов т.б. көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің бел ортасында жүрген біртуар азамат, аса көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым-ағартушы, тұңғыш қазақтан шыққан кәсіби дипломант, артында құнды мұра қалдырған - Нәзір Төреқұлұлы Төреқұловты орны ерекше.

Қазақ халқы талай жерде тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге құштарлық, азаттыққа құштарлық қайтадан жығылған еңсені көтеріп, тәуекелге бел буғызды» - деп атап көрсетті ғалым Р.Бердібаев [1].

Республика баспаларынан жарық көрген кітаптар мен журнал беттерінен Нәзір Төреқұлов туралы тың деректерді аз кездестіреміз. Оның қоғам қайраткері ретіндегі өнегелі өмірі туралы айтылып та, жазылып та жүр. Кезінде көптеген деректер бұрмаланып, Орта Азия елдерінің тарихында өшпес жұлдыздай із қалдырған азаматтардың есімі ұмытыла бастағаны да бекер емес, сол сияқты Н. Төреқұловтың қоғамға сіңірген еңбектері халқына кештеу жетіп жатыр, әлі де болса толық анықталмаған еңбектері жоқ емес. Н. Төреқұлов қазақ тарихында бұрын-соңды ақпараттық басылымында атын атауға тыйым салған мемлекет қайраткерінің бірі. Ол да бірнеше қазақ зиялыларын сияқты «халық жауы» атанып, жазықсыз жалаға ұшыраған тұлға.

Ресей империясының 1916 жылы 25 маусымдағы жарлығы бойынша қара жұмысқа алынған отандастарының арасында үгіт жүргізу үшін оқуын тастап, Батыс майданға кеткен Минск қаласының маңында Орта Азия мен Қазақстаннан барған жастардан «Еркін дала» атты жасырын ұйым құр. Қоқанда шыққан «Халық газетіне» мақалалар жазып, тілегі бір, мұңы бір халықтың тағдырын бірігіп шешу мақсатында өзбек әдебиеттерінің классигі Х. Ниязимен бірге революциялық жұмыстар жүргізді. 1921-1922 жылдары түркі тілдесхалықтардың жазуын латын әліппесіне көшіру туралы Орталық комиссия мүшесі болды. Бұл мәселеде де қазір қайта қолға алынууда.

1928-1936 жылдары КСРО мен Сауд Арабиясы арасындағы елшілік қызметін атқарған.

Н. Төрекұлов - біртуар азамат, қайталанбас білікті тұлға. Ол өзіне берілген тапсырмаларды орындап қана қоймай, басына тиімсіз болып тиетін жұмыстарға араласа білген азамат. Өзінің көзі жетіп, көңілі сенген мәселелерді іске асырудан тартынбаған, қиындықтан қорықпайтын кемел қасиеттерге толы кісі екендігі жасаған еңбектерінен көрініп тұрады. Оның тағдыры өзімен тұтас даңқты қазақ қайраткерлерінің тағдырынан өзгешелеу.

Біз қарастырған бар деректердегі мәліметтерге қарағанда Н. Төрекұлов Сыр бойындағы Түркістан өңіріндегі Қандөз ауылында 1892 жылы дүниеге келген. Ол жастық шағын Қоқан қаласында өткізді. Алғаш мұсылманша хат таниды. Қаладағы 8-жылдық коммерциялық училищені бітіреді. Жасынан зерек Нәзір бұл жылдары түрік, арап, парсы, орыс тілдерін меңгерумен бірге Шығыс әдебиеттері тарихын терең оқып, біледі. Әсіресе «Құран Кәрімде» жатқа айта білген [2]. Шығыс халықтарының інжу маржандарымен таныстығы мен «Құран Кәрімді» жатқа білуі ерекше қасиетке ие тұлға болып қалыптасқандығының айғағы.

«Өз өмірін өз қалауынша құру құқысынан айырылған тәуелді халықтар, төл тарихына да империялық күштердің көзімен қарауға тиісті болды. Сондықтан да қазақ қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістерге, «феодалдық-монархиялық», жалпы ұлттық қозғалыстарға «буржуазиялық-ұлтшылдық», жеке немесе топтық қарсылықтарға «ұлттық ауытқушылық», халықтың өз қарапайым құқықтарын қанағаттандыруын талап еткен ұсыныстарға «қазақ ұлтшылдығы» сияқты өмірлік шындықтан алшақ, туптеп келгенде ұлттың өз азаттылығына деген табиғи ұмтылысын тұншықтыру мақсатынан туындаған айыптаулар тағылды» [3].

Сонымен Н.Төрекұловтың еңбектерін іздеу,зерттеуіміз кештеу қолға алынса да, қазірге дейін бірсыпыра істің атқарылғанын алдымен айтуымыз жөн. Бұл тараптағы алғашқы күрделі ғылыми көпшілік еңбек-жазушы Жолтай Әлмашұлының Нәзірге арнаған екі кітабы. Бұл жұмыстардың Нәзіртанудың қарлығышы деп бағалаған орынды. Атақты қайраткер һәм қаламгерге қатысты деректердің түрлі архивтерден тірнектеп жинау оларды үш жинақ етіп шығарған.

«Н. Төрекұлов-дипломат, саясаткер азамат» деген тұстан бейнелеп көру. Ең бастысы ардақты ағамыздың үш қыры елшілік қызметі, саясаткерлігі және азаматтығы әңгіме арқауында тұтас желі тартады. Н. Төрекұловтың тарихы, қоғамдық қызметі, сол тұстағы, сол кездегі тарихы әлеуметтік жағдайды әр қырынан ашып көрсетеді. Алдымен сол заманның мың құбылған саясатының қоғамдық, әлеуметтік өмірінің қыр сырына тереңірек үңілу. Қазақ тарихындағы үлкен тұлғалардың тарихи орны мен ұлты үшін олар жасап кеткен еңбектің маңызын қазіргі тұста жарқыратып көрсетуге әрекет жасаймыз.

Ең алдымен Төрекұлов Нәзір өз еңбектерінде Орта Азия халықтарын орыстандыру үшін миссионерлер жүргізген саясатына қарсы шығып, әшкереледі. Ұлттың ұлы қайраткері, тұңғыш қазақтан шыққан елші, ғалым-ағартушы, өзінің өшпес мұрасын артындағы ұрпақтарына қалдырған Н. Төрекұловтың еңбегі көп уақытқа дейін терең зеріттелмей, кең танылмай қалмай, оны зеріттеуге қызығушылық танытқандардың қатары көбеюде. Н. Төрекұловтың шоқтығы биік, қыры мен сыры көп тұлға екені мақтаныш. Ол Қазақстан азаматы, оның ішінде Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келген азамат екендігі ғылыми жұмысымыздың басты өзектілігі болып табылады. Сонымен қатар төмендегі екі қызметі жұмысымыздың арқауы болды. Олар: Біріншіден, 1921-1922 жылдары түркі тілдесхалықтардың жазуын латын әліппесіне көшіру туралы Орталық комиссия мүшесі боландығы, бұл мәселеде де қазір қайта қолға алынғандығы:

Екіншіден, 1928-1936 жылдары КСРО мен Сауд Арабиясы арасындағы елшілік қызметін атқарғандығы.

Н. Төрекұловтың атқарған қызметтері жайында тек Қазақстан аумағында ғана емес, Сауд Арабиясында да бірнеше томдық кітаптар бар. Айта кететіні, оның елшілік қызметін атқарып жүргенде, өте құрметтеп, Нәзір Туралы естеліктер жазып, кітап шығарған. Сондай-ақ, Өзбекстанда да зеріттеп жүрген кісілер аз емес. Оның атымен аталатын әскери

училище де бар. Нәзіртанушылар көмегімен Н. Төрекұловқа көше беріліп, мешіт, мұражай, мектептер ашылған. Сондай-ақ, оның туған күндеріне қарсы халқаралық ғылыми-практикалық конференциялар өтіліп тұрады.

Нәзіртанушылар Н. Төрекұловтың 7 кітапшасын, 450 беттік дипломатиялық күнделігін тапқан. Нәзір Төрекұловты зерттеп жүріп, оның артынан қалған қызы Анель апамызды тауып, ол қайтыс болғанда, өзінің өтініші бойынша отанына әкеліп жерлегендігін атап өтуге болады. Тағы да басқа мағлұматтар жұмысымыздың мақсаты мен міндеттерін анықтап береді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төрекұловты осы идея үшін күресті, азабы мен абыройы қатар жүріп жатқан, қатал да қатыгез тағдыр кешкен. Оның өмірі жолына қарап отырсақ, қоғамдық және саяси қызметінің барлық белестерінде алдымен ұлттық, туған халқына аянбай көмек беруге ұмтылғанын көреміз. Керек болса, осы мақсатта қолына аламын ғылыммен, әдебиетпен және журналистік қызметпен де айналысты. Соның арқасында қазақ әдебиеті мен өнері үшін, қазақ тілі ғылымымен баспасөзі мен бір сөзбен айтқанда, жалпы қазақ тарихы мен руханияты үшін қаншама құнды дүниелер жазып тастап кетті.

Нәзір Төрекұлов-тарихи тұлға. Оның асыл бейнесін, ел алдындағы ересен еңбегін әрдайым есте сақтаған жөн. Нәзір Төрекұловтың еңбектері мен зеріктеулері және де жүргізген саяси жаңалықтарын тым кеш зеріктеу жүргіссе де ол туралы мұрағат, мұражайлардан көптеп материалдарды тауып алып керекті жағдайда қолданып жүруімізге болады. Тұлғаның тағдыры қаншалықты қатал болғанымен оның жүргізген саясаты аса құнды болып саналады, сол себептен ол асыл нұсқаларды жоғалтпауымыз керек деп ойлаймын.

Нәзір Сауд Араб мемлекетіндегі саясатынан өз еліне қайтқанымен елдегілер Нәзірге айып тақты. Осыдан 1937 жылы 17 шілдеде кеңеске қарсы насихат жүргізді деген қолдан жасаған айыптаумен ол өлім жазасына кесіледі және атылады [4].

Бізде латын әліпбесіне көшу туралы ең алғаш қай кезде айтыла бастады. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі қолданысқа енгізілді. 1924 жылы Орынбордағы сиезде ресми түрде бекітілді. Бірақ бұл сиезде Нәзір Төрекұлов алғаш рет латын әліпбиі туралы мәселе көтерген болатын. Дегенмен бұл ұсынысқа Ахаң қарсы болды. Баяндамасында “Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс. Әрпі тізілгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Әріп сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйренуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ” деді баяндамасында. Бұл ғалымның “аз күшімізді керексіз іске шашпайық” деген ойы еді.

Әлем халықтарының жаппай латын графикасына өте бастауына жалғыз ақ себеп - жиырмамыншы ғасыр екінші жартысының соңғы кезеңінде пайда болған компьютер заманы. Яғни латын графикасы ғылым-техниканың тілі. Бұл кезде Нәзір Төрекұлов бұл болашақты көре біліп еді деп асылық ой айта алмаймыз. Ал Ахаңның қолданысқа енгізген оқу мен жазуға жеңіл әліпбиі бүкіл қазақ жұртынан қолдау тауып, газет журналдар шыға бастаған кез. Қазақтың өз жазуы, өз баспасы, өз басылымдары болу керек деген Алашорда қайраткерлерінің санасында болашақ қазақ мемлекеті тұрды. Және ол мемлекеттің жазуы мұсылманша Байтұрсынов әліпбиі жоспарда болған.

Орыс отарынан, тілінің ықпалынан құтылудың маңызды жолының бірі - әліпби, жазу екеніне Алаш қайраткерлерінің көзі әбден жеткен. Байтұрсынов әліпбиі жаппай қолданысқа еніп, қазақ жұртының уысынан сусып бара жатқанын сезе қойған Кеңес үкіметі 1929 жылы латын әліпбиін енгізу туралы шұғыл шешім шығарып, оны те арада атқаруға көшті. Жаңа әліпбиді білмеген мемлекет қызметкерлері халықтың жауы болып

саналсын деген хабарламалар таратты. Ал бұл шешімнің астарында түркі халықтарының бірігіп кетуіне деген алаңдаушылық, яғни, “Пан-Түркизмге” деген үрей жатыр еді.

Осы кезеңдегі "Пан-Түркизм" мәселесін ойдан шығарып отырған жоқпын. Бұл туралы ағылшын ғалымы Lenore A. Grenoble "Language policy in the Soviet Union" атты еңбегінде "Бұл кезде жасалған шешімдердің бәрі пан-Түркизмнен қорыққандығы үшін" дейді. Алдағы жоспар - бұл халықтарды орыс тіліне бейімдеу. Ал ол үшін Байтұрсынов әліпбиін бірден орыс әліпбиіне көшіру - Алаш қайраткерлері тірі тұрғанда мүмкін емес еді. Сөйтіп, бұл мақсат қазақ зиялыларының көзін жойған соң 1937 жылы-ақ көтеріле бастады да, 1940 жылы “латындандырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы” заң қабылданды. Айналасы он жылы ішінде бір ұлттың тілін, жазба мәдениетін жою мақсатындағы осындай орасан зор жұмыстар атқарылды.

Олар ойлағандай қазақ тіліне жасалған кесір-кесапат шын мәнінде аса ауыр болды. Мұның дертін әлі күнге тартып келе жатырмыз. Бұл жайлы ғалым Серікбол Қондыбай “Бүгінгі тіліміздің жазуы кезінде тек қана орыс графикасына ғана емес, ең алдымен орыс тілінің табиғатына бейімделгендігі жасырын емес” дейді. Шынымен де "в, ч, ц, щ, ю, я, э, ь, ь, ё" секілді дыбыстардың енгізілуі мен белгілер және "И"-дің екі түрлілігі (Ахмет Байтұрсынұлы "И" мен "У" дыбыстарын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес “жартылай дауысты” дыбыстар деп атаған болатын) біздің төл дыбыс заңдылығымызға аз әсер еткен жоқ. Бүгінде қабысқан, майысқан, формасы бұзылған дыбыстар бізде аз емес. Қазіргі тілде бұл аса сезіле қоймағанымен, мұның зардабы шын мәнінде бар еді.

Бұл жайлы тіл білімі ғалымдары айтып та, жазып та жүр. Енді, жоғарыда айтылған "Пан-Түркизм" мәселесі кеңес одағы ыдыраған жылдарда қайта көтеріле бастады. Бұған дәлел, Түркі елдерінің тәуелсіздік алған жылдары Түркия мемлекеті ең алғашқылардың бірі болып түркі мемлекеттеріне көмек қолын соза бастады. 1991 жылы 18 қарашада Стамбулдағы Мәрмәр университетінде түркі халықтарының конференциясы өтті.

Бұл алғаш түркі мемлекеттерінің одақтас болуы және ортақ түркі тілі жайлы мәселе көтерілген кезең. Тіпті, түркі халықтарының 34 таңбадан тұратын ортақ әліпбиі де ұсынылды. Бұған Кеңес құрамынан шыққан елдері ішінде алғаш болып қолдау білдірген Өзбекстан мемлекеті болды. 1992 жылы Өзбекстанда “Орта түрік” деген журнал шығып тұрды. Туысқан мемлекеттердің одақтас болуы сынды осы бір ұлы бастамаға Тәуелсіз ел бола тұра Қазақстан не үшін аса құлықсыз болды деген сұрақ туатыны заңды. Бұған бірнеше себеп бар.

Біріншіден, әлі де кесерткілік қуаты бар Ресейдің қалған он бес республикаға жасаған қысымы. Әзербайжанның бұрынғы білім министрі Фируддин Жәлилов бұл туралы "1992 жылы латын графикасына көшер қарсаңындағы өтпелі кезең өте қиын болды. Бір жағынан Иран "Араб әліпбиіне көшіңдер" десе Ресей "Орыс графикасында" қалындар деп қысым көрсетті" дейді. Демек, бұл қысым жалғыз Әзербайжанға ғана жасалған жоқ. Екіншіден, біз тәуелсіздік алған жылдары елдегі қазақтардың жан саны 39 пайыз, орыс ұлтының жан саны 37 пайыз болған.

Ал орыс тілді қазақтарды жаңағы отыз жеті пайызға қосып жіберсеңіз “Пан-Түркизмге” қолдау көрсету Қазақстан үшін қауіпті болғанын түсіну қиын емес. Үшінші себеп, әрине, алғашқы жылдардағы экономикалық жағдай. Міне, бүгінгі Латын әліпбиіне көшу сынды тарихи шешімнің маңыздылығы, салмағы осында жатыр. Түркі жұртына ортақ әліпбидің болғаны жақсы-ақ еді. Дегенмен, оған "жиі үзіліп, көп жалғанған" тарихтың әр кезеңі жар бермеді. Жарық жылдамдығындай дамыған технология мен уақыт күтіп тұрған жоқ. Бұл көш - рухани көш. Оңай болмасы анық, 70 жыл бойы жарық көрген латын графикасындағы кітаптар, еңбектер бұл көшке оңай салмақ салмасы анық. Үкіметке де, артынан ерген халыққа да бекем бел керек.

Қазақ халқына, қазақ тіліне үйлестіріп қайта сұрыптап жасаған, өзінің әліпбиі мен бірге халқының сауат ашып, қара тануына зор еңбегін сіңіріп қана қоймай осы жолда бар ғұмырын сарп етті десек артық болмас. Ал қазіргі заман «Ақпараттық технология заманы». Кім не істеп, не үйренемін десе де жолы ашық. Мектеп қабырғасындағы

оқушыдан зейнеткер қарияға дейін латын әліпбиін (толық болмаса да ішінара) танымайтын адам шамалы. Өйткені заман талабына сәйкес, экспорт, импорт, тауар жазбалары, телефон сөздіктері, электрондық поштамен хабарласу (ватсап), интернет сайттары, кейбір шетел тілін үйрену үшін осы латын алфавитін қолданады. Осындай қолайлы жағдай сәтін пайдаланып, мемлекетіміз латын әліпбиіне ресми түрде көшкені тиімді.

1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкіл Одақтық Түркологиялық съезде қазақтардың латыншаға көшуіне белгілі себептермен қарсы болса, қазіргі таңда дәл осы себептермен латын әліпбиіне көшу тиімді болып отыр және осы жайлы Президент Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап көрсетті.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында бірқатар республикаларда баспа жұмысы дами қоймады. Осыған орай жергілікті ұлттық баспалардың дамуымен қатар, Мәскеуде ұлттық кітаптарды басып шығаруды ұйымдастыру қажеттілігі туды. 1922 жылы 14 желтоқсанда ВЦИК және СНК Күншығыс баспасы туралы бірлескен қаулы қабылданды. Бұл құжаттың түпнұсқасы орыс тілінде жазылған. Онда баспаны ұйымдастыру жөніндегі шешім былай деп тұжырымдалған: «Выполняя постановление Совнаркома, малая коллегия Наркомнаца 20 декабря 1922 года поручила» т.т. Бройдо и Атабаеву пересмотреть положение о Восточном издательстве и в случае отсутствия разногласий у них считать это постановлением коллегии». Тогда же было утверждено и правление издательства в составе т.т. Тюрякулова, Атабаева и Алиева [2].

Орталық Шығыс баспасының негізгі мақсаты шығыс кеңестік республикалары мен автономиялық облыстардың еңбекшілері үшін ана тілінде кітаптарды басып шығару және сол арқылы олардың қоғамдық —мәдени дамуына ықпал ету болды. Ұйымдық тұрғыдан баспаға 2 нәрсені шешу міндеттелді: 1) қайталанбаушылықты болдырмау мақсатында шығыс тілдеріндегі әдебиетгерді басу жөнінде барлық Халық комиссариаты мен орталық мекемелердің іс-әрекетін өзіне шоғырландыру; 2) жүйелік пен жоспарлыққа қол жеткізу мақсатында республикалар баспаларының жұмысын үйлестіру. Баспада 8 редакциялық бөлімшелер құрылды: 19 қырғыз, қазақ, татар-башқұрт, өзбек, әзербайжан, түрік, удмурт және бурят-монғол [5].

Осыдан басқа коми және қалмақ тілдерінде кітаптар басылып шығарылды. Секция ұйымында 4 адамға дейін қызмет етті. Баспаның жұмысына басшылықты жалпы редакциялық кеңес жүргізді. Баспаның Мәскеуде “Қызыл шығыс» атты өз типографиясы мен дүкені болды. Баспахананың материалдық базасы біршама дұрыс еді: көп мөлшерде шығыс кәріптері болды, сондай-ақ батыс халықтарының кәріптері де жинақталып, аз ғана уақыт ішінде көптеген күрделі тапсырыстарды орындады. РКП/б/ Орталық комитетінің арнайы құрылған комиссиясы баспа ісіне қатысты біршама іс-шараларды іске асыру қажеттілігін дұрыс деп тапты: Шығыс баспасын кадрлармен күшейту, шығынды өтеу мақсатында арнайы қаржы бөлу, баспаның негізгі күшін саяси-қоғамдық, көркем-әдеби және техникалық кітаптарды басуға жұмылдыру, баспалардың бір бөлігін (әсіресе мерзімді) республикаларға ауыстыру туралы ұсыныс жасалды. 1923 жылдан бастап осы Күншығыс баспасының жанынан «Темірқазық» атты журнал шыға бастады. Бұл журналды ұйымдастырушы оның жауапты редакторы да Нәзір Төрәкұлұлы болатын. Журналда қоғамдық-саяси мақалалардан бастап, әдеби-мәдени дүниелерде көптеп жарияланды. Басылым әсіресе ауыз әдебиетіне, ұлт мәдениетінің классиктеріне көбірек орын беруге тырысты. Қазақтың мақал- мәтелдері,

жұмбақтары мен жаңылтпаштары, арнау-толғаулары, жоқтау өлеңдері осы журналда жарияланып, кейіннен жеке кітап ретінде шығарылды. Журналдың айналасына Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ғ. Тоғжанов секілді қазақтың танымал зиялылары топтасты. Олар басылымның сапасын арттыруға көп күш жұмсады, маңызды тақырыптарға мақалалар жазды. «Темірқазық» журналының бірінші нөмірінде «Күншығыс баспасөзі басқармасы» деген мақалада «...алдымен елдің көгеруіне, терезесі тең болып теңелуіне керек шарттың бірі ел бастайтын оқығандарының көп болуы керек. Саналы білімді болуы керек. Ендігі заманның құбылысы өнер-біліммен ғана шектеледі...», – деп жалпы жұртқа сөз арнаған. 1923 жылы Орталық, Батыс Ұлттық баспасы құрылды. Оның құрамында неміс, поляк, еврей секциялары болды. 1924 жылы мамыр айында жоғарыда көрсетілген баспалардың бірігуі арқасында КСРО халықтарының Орталық баспасы (Центроиздат) құрылды [5].

Бұл баспаның ұйымдастырушысы және басқарушысы Нәзір Төреқұлұлы еді. Баспаға ұлттық тілдерде мерзімді және мерзімсіз қоғамдық саяси, ғылыми, оқулық әдебиеттерді жарыққа шығару міндеттелді. 1925 жылдың өзінде Орталық баспа 25 тілде, 1931 жылы 97 тілде кітаптар шығарды. Кітаптар индоевропалық, түрік-фин, Солтүстік казказ, монғол тілді ұлттар үшін шығарылды. Кітаптар теру үшін орыс, латын, араб, армян әріптерін пайдаланды. 1925 ж. баспаның жанынан білікті ұлттық баспахана мамандарын даярлау үшін кәсіби мектеп ашылды [5].

Орталық баспа әмбебап баспаға айналды. Ол бірнеше тілдерде әліппелер, оқулықтар, қоғамдық-саяси, ғылыми көпшілік, ауылшаруашылық, көркем, балалар, жас өспірімдер және т.б. әдебиеттерді шығарды. Әртүрлі мәселелерге арналған кішігірім кітапшалар шығаруды тәжірибеге айналдырды. Олардың бағалары өте төмен (2-5 тиын), таралымы көп болды (10–20 мың). Дегенмен де, Орталық баспа оқулық әдебиеттерді шығаруға (көбінесе бастауыш мектептер үшін) баса назар аударды. Осы мақсаттарын жүзеге асыру үшін Мәскеуде Орталық баспаның арнайы типографиясы құрылды. Бастапқы кезде ол кішігірім баспахана болса, 1925 жылы ірі кітап фабрикасына айналды. Оның жанынан терушілер мектебі ашылды. Онда 22 үй өкілдері білім алды. Бұл жерде Орталық баспа мен оның бөлімшелері үшін ғана емес сонымен қатар республикалардағы ұлттық баспалар үшін де кадрлар даярланды. Шет ел баспасөзі фин-угор және түрік тілдеріндегі кітаптардың жарыққа шығуын ерекше мәдени оқиға ретінде бағаланды. Баспада 20 ұлттың өкілдері жұмыс істеді. Кітаптар үнді-европалық ұлттар топтарының тілдерінде, фин-ұйғыр, Солтүстік қавказ халықтарының топтарының тілдерінде, шығыс халықтарының тілдерінде басылып жатты. Кітап басуда бірнеше алфавиттер қолданылды. Мысалы: орыс, латын, араб, армян.

1925 жылы Кіндік баспаханада маманданған ұлттық баспаханалық жұмысшыларын дайындау үшін кәсіптік мектеп құрылды. Кіндікбаспа ғылыми ұйымдардың және ұлттық баспалардың тәжірибесімен алмасу жолымен қатар, сол халықтарда әлі пайдаланылмаған жазуды өңдеді, 20 орфографиясын жеңілдетті және жақсартты, терминдер өндірді, шрифтісін құйды. Кіндікбаспа әмбебап баспа болды, әліппелерді әр тілде шығарды, оқулықтар, қоғамдық саяси, ғылыми көпшілік, ауылшаруашылық, көркем әдебиеттер, балалар, жасөспірімдер әдебиеттерін, брошюралар, санитарлық және гигиеналық тұрмыстық және мәдени сұрақтарға байланысты әдебиеттер шығаратын болды. Сериялы орыс және ұлттық көркем әдебиеттер басылды. Негізінен, Кіндікбаспа оқу әдебиеттеріне көңіл бөлді. Кіндікбаспа және басқа ұлттардың баспалары оқулықтар және әліппелермен 45 ұлтты қамтамасыз етіп отырды. Көпшілігі бастауыш мектептерге арналған оқулықтар еді. Жан-жақтылық пен көптілділік қызмет Кіндікбаспадан мықты полиграфиялық базаны талап етті, осыған орай арнайы баспахана ашылды. Ол 1925 жылы күрделі кітап фабрикасына айналды. Кіндікбаспаның барлық өнімдері және өнімдерінің бір бөлігі кітап фабрикасында өңделді. Оның жанынан терушілердің орталық мектебі ашылды,

онда 22 ұлттың өкілдері оқыды, мұндағы кадрлар тек Кіндікбаспада ғана емес басқа да ұлттың баспаханаларында да қызмет ете алатын болды. Баспа шығыс халықтары үшін кенжелеп дамыған сала. Бұл ретте Нәзір басқарған шығыс халықтары баспасының алатын орны ерекше еді. Нәзір осы жұмыстың басында жүріп, ең алдымен түркі тілдес халықтарын, өз халқының шынайы тарихын, әдебиетін, мәдениетін жарыққа шығаруда зор еңбек сіңірді. Бұл баспада да ол білек сыбана кірісіп, түрік халықтарының тілдерінде алуан түрлі құнды кітаптар шығаруға басшылық етеді.

Ерекше бөліп айтуды керек ететін мәселе – Нәзірдің осы кезеңде қазақтың ел ағалары Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевты т.б. шығармашылық қызметке тартып қамқорлық көрсетуі дер едік. 1929 жылы 28 маусым күні Орталық баспаның бес жылдық мерейтойы аталып өтілді. Мәскеуде өткен бірінші бүкілодақтық кітап саудасының кеңесімен тұтас еткен бұл салтанат кітап әлемінің нағыз мерекесіне айналған еді. Баспаның Одақтағы ұлттар үшін маңызы айрықша көмекші оқу базасын құруда елеулі жұмыс атқаратынында еске ала кетсек болар, сауатсыз көпшілікті мәдениетке таратудың бірден-бір таптырмайтын жолы ретіндегі маңызы зор көрнекті құралдарын ұлт тілдерінде көптеп шығаруда. Орталық баспаның барлық кітап өнімдерінің арасында оқулықтардың үлес салмағы бәрінен басым, әртүрлі ұлт тілдерінде арнайы әдебиеттер шығарылуда тыңнан жол салуға тура келеді. Сондай-ақ жаңа түркі (латынша) әліппесін ендіру ісінде Орталық баспа қыруар шаруа атқарады. Олар латын әрпіне негізделген түркі-татар тілдерінде әліппелерді, оқулықтарды және басқа әдебиеттерді басып шығарды. Дәл осы жерде Н. Төрөқұлұлының ұйымдастырушылық және журналисттік шеберлігі аса ерекше көзге түседі. Ол орыс тілі мен КСРО-дағы түркі халықтарының тілдеріндегі көптеген кітапты редакциялайды. Кейбір басылымдар оның алғысөздерімен жарияланды. Бұхар революциясының тарихына арналған белгілі тәжік жазушысы Садриддин Айнидің «Бухара инкилобчилары» атты кітабы Н.Төрөқұловтың Бұхарадағы оқиғалардың мәселесін біле отырып терең тарихи және саяси баға бере кеткен көлемді алғысөзімен бірге шығады.

Үнемі білімге талпынған тұлға ретінде Нәзір мектептегі білім беру мәселелерін өз назарынан тыс қалдыра алмады. Оның жетекшілік лауазымындағы қызметінің әр кезеңінде осы мәселе республика үкіметінің саясатында әрдайым негізгі орындардың бірін иеленді. Бұл бірқатар объективті факторлармен, солардың бастысы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында төменгі таптың бастауымен мектептің сөзсіз көтерілуі мәселесімен байланысты болды. Республикалық және жергілікті билік органдары іс жүзінде халықтың бастауыш білім алуудағы өтінімдерін қанағаттандырып үлгермеді, жаңадан ашылып жатқан мектептерді маман кадрлармен, оқу орындарының қызмет етуіне қажетті қаржылай қаражаттар мен оқыту-материалдық жағдайлармен қамтамасыз ете алмады. Осы мәселелердің барлығы 1925 ж. I Бүкілкеңестік мұғалімдер съезінде қабылданған Төрөқұловтың «Ұлт мәселесі мен мектеп» атты баяндамасының қарарында айқын көрініс тапты (Н. Төрөқұлов, 3 том. 116-118 бет.). Нәзір Төрөқұлұлы орталық баспа басқармасын басқарған жылдары әрбір ұлттың мәдениет саласындағы таңдаулы өкілдерін өз маңына топтастырған. Ол қазақ қана емес, күллі түркі дүниесіне көп қамқорлық жасады, орталық баспа сөйтіп халықтардың мәдени деңгейін өсіруге игілікті ықпалын тигізді. Орталық баспа ұлттық кітап шығарудың пионері, шынтуайтқа келгенде ұлттық басылым- 21 ның тарихы аталмыш баспаның да тарихы саналады. Сол кезде мәдениеттің қауызы жаңа ғана ашылған, өз жазу-сызуы болмаған ұлттардың бар екенін ескерсек бұл баспаның орны тым айрықша бағаланады, әрбір ұлттың мәдениет саласындағы таңдаулы өкілдерін өз маңына топтастырған Орталық баспа КСРО халықтарының мәдени деңгейін өсіруге игілікті ықпалын тигізді.

Халықаралық дәрежедегі дипломатиялық саясат жүргізуде өзіндік үлесі бар Нәзір Төрөқұловтың халықаралық деңгейдегі ірі, көрнекті саяси қайраткерге айнала бастауы,

Кеңес Одағының, қызыл империяның шовинистік пиғылдағы көсемдеріне ұнаған жоқ. Кеңес Одағы үшін, ішінара, әрине, одақтас республикалар ретіндегі түркі халықтары үшін Н.Төрөқұловтың жасап жатқан жемісті елшілік қызметінен тез арада шақыртып алады.

Нәзіртанушылардың өзекті мәселелердің қатарына: **нәзіртану** ілімін тек саясаттану және халықаралық қатынастар пәндерінің аясында ғана зерттемей, филология, педагогика, этнография, тарих, журналистика, әлеуметтану ғылымдарымен бірлікте қарастыру туралы айтылды. Осы орайда, конференцияға келген дипломат Қайрат Лама Шариф: «XX ғасырдың басында елші дәрежесіне жеткен ұлтымыздан шыққан перзенттердің бірі – Нәзір Төрөқұлов. Екінші жағынан, Нәзір Төрөқұлов қызмет еткен Сауд Арабиясында жұмыс істеп жатқан елші ретінде айтарым, Сауд Арабиясы басшылығы ол кісінің ерен еңбегін жоғары бағалап отыр. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана он бес жылдың ішінде, екі ел арасындағы ынтымақтастық қайта жандана бастады. Оның басты бастауы Елбасымыздың 1994 жылы Сауд Арабиясына жасаған алғашқы ресми сапарынан басталады. Соңғы ресми сапары кезінде Елбасымызды Батыр орденімен марапаттауы Нәзір Төрөқұловтың ұрпақтарына, Нәзір Төрөқұловтың еліне деген құрметі деп бағалауымыз керек»- деді[10]. Елдің тәуелсіздігі мен ұлтының болашағы үшін күрескен ірі тұлғалар бүкіл адамзат дамуындағы үлесі мол. «Егер XX ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгілерінен байқаймыз. Сол айтулы есімдердің білімдарлық, азаматтық тәлімдері кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, қазақ зиялылары беруге тиіс қазақтың тарихи тұлғаларына айтқан пікірі де қоғамда алған орны мен олардың ұлт үшін жасаған еңбектерінің маңызын ашып көрсеу болып табылады.

Осы орайда Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттілігінің бастауында тұрған аса көрнекті тұлға, нағыз елжанды, ардақты азаматтарының бірі Нәзір Төрөқұловтың да ұлтымыздың әлемдік кеңістікте өзіндік орнын иемденуге қосқан үлесін атап өтуге тиіспіз. Өткен ғасырдың басында егемен ел болу үшін өлшеусіз тер төккен алаш қайраткері Нәзір Төрөқұловты ұлтымыздың арасынан шыққан тұңғыш дипломат тұлғалардың бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде тануға тек еліміз дербес саясатын жүргізе бастаған соңғы кезде ғана мүмкіндік туды.

Нәзір Төрөқұлов ана тілін ардақтай отырып, өзбек, тәжік, шағатай, парсы, араб, орыс және француз, неміс тілдерін де жетік еркін меңгерген. Кеңес Одағының өзінде-ақ Ресейдің отаршылдық саясатын сынап, елі мен жерін тілін, дінін, ділін, ұлтының ар – намысын жоғары ұстап отырған. Мәскеудегі Бүкілодақтық «Күншығыс халықтары» баспасын басқарған (1925 жылы) жылдары Әлихан Бөкейхановты, Мағжан Жұмабаевты жұмысқа қабылдады. Жүсіпбек Аймауытовтың еңбегін жарықа шығарды. Ахмет Байтұрсынов, Бейімбет Майлин сияқты қазақ азаматтарымен араласты.

Нәзір Төрөқұлов халықтың тағдырына алаңдап, патшалы Ресей қазақ даласын шикізат көзіне айналдырып отырғанын, жерімізге басқа ұлтарды орналастыра отырып, орыстандыру саясатын жүргізіп отырғанын жан жүрегімен сезінді. Ал қазақтың көбі шөл және шөлейт аймақтарды мекендеп отырады. Отырықшылыққа көшеміз деп зорлыққа жол берген белсенді большевиктерді сынай келе былай дейді: «Кейбір кеңестік мәдениет қайраткерлерінің көкейіне қона кететін оырықшылыққа міндеттеу туралы декреттің қажеттілігін құр мақұлдай беруге әлі ерте қоғамдық дамудың бір сатысынан екіншісіне қиналмай өту үшін қажетті көмек көрсету Кеңес өкіметінің абыройлы міндеті», деп көрсетеді .

Бұл ой-пікір шын мәнәнде расқа шыққаны мәлім. Нәзір Төрөқұловтың осындай еңбектері, ой-пікірлері оны «Халық жауы» етті. Қанша жылдар өтсе де Нәзір Төрөқұловтың бұл тараптағы ойлары мен істері ескірген жоқ.

Сыры-сәруар, қыры-қыруар Нәзір Төрөқұловтың тұлғасының шытырманнан тура жол тауып шығуы қиынның қиыны. Кешегі күні жеке басы орынсыз қараланған Нәзір



Түркістан қаласының іргесіндегі Қандөз ауылы да түркілік ислам дәстүрінде тәрбиеленген рухани топырақтан.

Атасы Төрөкұл сауда жолына тәрбиелеген Нәзір жан-жақты білімдар болғанымен, кәсіби экономист ол бұраланы мол қиын жолды неге таңдаған? Оған жауап, халқына шынайы жанашырлықтан болар, ол даусыз.

Студент Нәзір «қазақ» газетіндегі мақалаларын ұлт тәуелсіздігі жолындағы жан пидә күреске арнады. Қаламын тастамай жүріп әкім де, ұлық та болып көрді, ақыры ғылым жолын таңдады.

Ақыл тоқтатқан, заман деңгейіне көңіл ауып, мағишаттан жалыққан тұстағы қалауы осы болды. Үлкен ғылыми мансап пен атаққа іліге алмады., уақыт сұранысына сай Шығыс тілдерінде дәріс оқып жүріп, өз бетінше ізденген. Бұғауда бұлқындаған Нәзірдің ғұламалығы, ел-жұртының жанашырлығын бәрібір дәлелдеп кетті....

Жалпы, Н. Төрөкұлов қысқа ғұмыры ішінде, халқы үшін қызмет етіп үлгерді. Ол студенттік күндерін бастап, болып жатқан оқиғаларға ерте араласып кеткен. Нұсқаушы қызметін атқарып, саяси ұйымның жұмыстарын да жүргізілген. Халқы үшін хатшы да, делегат та, редакторлық қызметке де араласып, оқиғалардан шет қалмай жүрген.

Кейін Н. Төрөкұловтөраға бола жүріп Түркістан Республикасы Орталық Атқау Комитетінің мүшесі болған. Халық ағарту салаларына араласып, сауаттылықты көтеруде белсене жұмыс жүргізген. Құрбан айттың үш күнін демалыс деп жариялауға қол жеткізген. Сондай-ақ, демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстыру туралы делегатқа қол қойған да осы кісі.

КСРО халықтарының орталық баспаны басқары жүріп те халқы үшін қорықпастан мол еңбек сіңірген. Білімпаздардың сезінде алатын әрпін қабылдауда жеңіске жеткен. Кеңес елінің Хиджездағы бас консулы, кейін тұрақты және өкілетті елшісі болды. Онда үлкен және өте лайықты құрметке бөленіп, көп еңбек сіңіріп беделге барынша лайықты болып келіп, проректор қызметін атқарып, өз жолын ғылымнан тапқан. Көп ұзамай жазықсыздан-жазықсыз «Халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалады.

Нәзір Төрөкұлов 1937 жылы 3-ші қарашада ату жазасына кесіліп, үкім сол күні жүзеге асырылды. Осыдан кейін Сауд Арабиясы КСРО дан елшілік алудан қапагершілікпен бас тартқан.

1958 жылы 23 қаңтарда КСРО Әскери Коллегиясы Жоғарғы сотынан № 4 Н-07430-57 шешімі бойынша біржола ақталды .

Елшінің артында қалған жалғыз қызы Анель Нәзірқызы ұзақ іздестіруден кейін табылып, көптеген тың деректер айтылды. Әкесінің 1958 жылғы ақталғаны туралы түп нұсқа қағазды да осы кісі берген.

Ең ауыр тапсырманың өзін орындауға даяр тұру, туындайтын мәселелерді шын мәнінде мемлекеттік тұрғыдан шешуге ұмтылу Нәзір Төрөкұловтың Кеңестік «алғашқы толқын» дипломаттар арасындағы жарқын тұлғаның бірі деуге толық негіз береді.

Мемлекет қайраткері, ірі оқымысты дипломат, һәм педагог, Сталиннің жеке басына табынуы салдарынан жазықсыз құрбанына айналған Нәзір Төрөкұловтың туғанына 127 жыл. Нәзір Төрөкұловтың есімі Орта Озия халықтарына бүкіл түркі халықтарынан шыққан тұлға болып қала береді. Қазақ тарихы мен рухани өмірін үшін де қаншама құнды мұра қалдырған Н.Төрөкұловтың есімі уақыт өткен сайын жас ұрпақтың жадында жаңа қырларынан көріне бермек. Халықаралық дәрежедегі дипломатиялық саясатты жүргізуде өзіндік үлесі бар, көрнекті саяси қайраткер және дипломатияның іргесін қалаушы , кітап басу ісін бірізге түсірген қайраткер ретіндегі тарихта орны ерекше Тұлға.

«Ұлттану», «Қазақтану», «Тұлғатану» салалары бойынша еліміздің тарихындағы тұлғаларды таныстыруда ерекше орын алатын тұлға екендігін тереңінен түсіндіруді жұмысымыздың басты мақсатының арқауы деп атауға баға беруге болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бердібай Р. Халықтың дара перзенті // Ақиқат, 2001-№10-47 б.

2. Нәзір Төрекұловтың шығармалары // Алматы 1997ж 6-7 б.
3. Сахабат, Сәрсен Бек. Төреғұлдың Нәзірі// Алматы.Өркениет 2003-320б
4. Мансұров Т. А. Елші Н Төрекұловтың Арабия дастаны // Москва 2002ж 8-9 б.
5. Сарыпбекова З. «Төрекұловтың қоғамдық саяси қызметі». // Алматы
6. 2004ж 12-14 б.
7. Қасымжомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» Алматы: 2002ж 401-403 б.
8. Декрет ВЦИК и СНК об организации Центрального Восточного издательства // Издательское дело в первые годы советской власти. Сб. документов и материалов. – М, 1972 г. – С.
9. Книговедение: энциклопедический словарь.– М, Сов.Энциклопедия. 1982.– 585 с.; Назаров А.И. Октябрь и книга. – М., Наука, 1968. – С.333.
10. Баренбаум И.Е. История книги. Изд. 2.е.2-е.– М, Книга. 1994 г.– С.171.

**Аннотация:** В данной статье представлен первый казахский дипломат в истории дипломатии и выдающийся деятель Н. Торекулова, активно участвовавший в спасении казахского народа от голода. Он рассматривался как неповторимая личность, выразившая свое мнение о латинской графике и внесшая вклад в Восточное издательство. В числе актуальных проблем разработчиков были: изучение теоретических знаний не только в рамках дисциплин политологии и международных отношений, но и в единстве с филологическими, педагогическими, этнографиями, историей, журналистике, социологическими науками. Кроме того, были предприняты попытки назвать главной целью нашей работы глубокое разъяснение того, что в области «Ұлттану», «Қазақтану», «Тұлғатану»- личность, которая занимает особое место в истории страны, а также, проблемы нәзіртану, которые является актуальной на современном этапе.

**Abstract:** This article presents the first Kazakh diplomat in the history of diplomacy and the outstanding figure N. Torekulova, who actively participated in saving the Kazakh people from hunger. He was seen as a unique person who expressed his opinion on the Latin script and contributed to the Oriental Publishing House. Among the urgent problems of the developers were: the study of theoretical knowledge, not only within the disciplines of political science and international relations, but also in unity with philological, pedagogical, ethnography, history, journalism, sociological sciences. In addition, attempts were made to call the main goal of our work a deep explanation of the fact that in the field of "Ulltany", "Kazaktany", "Tylgatany" - a person who occupies a special place in the history of the country.